

Палестина Мемлекетіне ресми ізгілік көмек көрсету туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 8 қарашадағы N 1068 Қаулысы

Палестина Мемлекетінде қалыптасқан ауыр экономикалық және әлеуметтік ахуалға, сондай-ақ әскери іс-қимылдар аймағындағы бейбіт халықтың арасында қаза тапқандар, босқындар санының артуына байланысты Қазақстан Республикасының Үкіметі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігіне Палестина Мемлекетіне ресми ізгілік көмек көрсету үшін 2006 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің төтенше резервінен 150000 (бір жүз елу мың) АҚШ долларына баламалы сомада қаражат бөлсін.

2. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен көрсетілген қаражатты мынадай арнайы банк шотына аударуды қамтамасыз етсін: "OIC-Special Account, 2603322, Samba Financial Group, Main Branch Al Andalus Street, Jeddah, Kingdom of Saudi Arabia", "Swift коды - SAMBSARI", "алушы - П а л е с т и н а М е м л е к е т і " .

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі